

БЕЙСЕМБАЙ КЕНЖЕБАЕВ

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ
ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР



ҚАДЫР ТАЙШЫҚОВ ТҰЛҒАСЫ ТУРАЛЫ

Өлі есімде, Қадыр Тайшықов «Ханалар тарихы» деген әңгімесін 1926 жылы, Қызылордада шығатын «Жас қайрат» газетінің редакциясына, менің атыма жіберген болатын. Жолдау хатында: «мұны Сізбен таныс-біліс болу, қарым-қатынас жасау үшін жіберіп отырмын», - деп жазған еді.

Жазушының дегені болды: осыдан былай біз, Қадыр екеуіміз сырттан таныс болдық, хат жазысып жүрдік. Ол оқта-текте әңгіме, фельетон жіберіп тұрады, біз оны газет бетінде жариялап отырдық.

1928 жылдың жазында Қадыр Қызылордаға келіп, «Еңбекші қазақ» редакциясында жұмысқа тұрды, әдеби қызметкер болып істеді. Бұл кезде мен де сол газетте «партия тұрмысы» бөлімінің бастығы болып істеуші едім. Екеуіміз қызметтес болдық.

Осылай Қадыр екеуіміз 1930-1932 жылдары Алматыда «Еңбекші қазақ» (бұрынғы «Социалистік Қазақстан», қазіргі «Егемен Қазақстан». Ред.) редакциясында, 1932-1933 жылдары Шымкентте «Оңтүстік Қазақстан» газеті редакциясында, 1933-1935 жылдары Алматыда баспа орындарында бірге қызмет еттік.



Қадыр Тайшықов

Қадыр 1937 жылдың күзінде ұсталып кеткенге дейін баспада, Қазақстан Жазушылар Одағында жұмыс істеді. Ол белгілі журналист, жазушы еді.

Бірге қызметтес болудан бөлек Қадыр екеуіміз тату-тәтті дос болдық, үнемі бірге жүріп, бірге тұрдық, бір-біріміздің үйімізге жиі қатынадық, ойлаған ойымызды, жазған нәрсемізді ақылдасып, бірге талқылайтын едік.

Қадыр менен төрт жас үлкен болатын. Ол 1900 жылғы, туған жері Баянауыл жағы. Үлкенді-кішілігімізге қарамай,

ол екеуіміз құрдас кісілердей жүретінбіз.

Әуелі, Қадыр баянауылда, Павлодарда, Қарқаралыда оқиды, бастауыш, орта дәрежелі мектептер бітіреді. Сонан кейін, ол 1926 жылы Ташкентке барып, Орта Азия мемлекеттік университетіне оқға түседі. 1926-1927, 1927-1928 оқу жылдарында сонда оқиды.

Үйіне қатынап жүргенде үнемі көріп, әңгімелесіп білдім: Қадырдың әкесі Баспақ ақсақал заманында біраз дәулетті болған, әйгілі би, саятшы, домбыра жасайтын ұста болған екен. Қазақтың арғы-бергі шежіресіне, әдебиетіне, әдет-заңына, тұрмыс-салтына жетік еді. Аң, құс жайын, саятшылықты, қол өнерін жақсы білетін, өте сөзшең, шешен кісі еді. «Жақсы ата жаман балаға қырық жыл азық» дегендей, бұл жағдайлар Қадырға ырыс та, бейнет те болды, көп пайдасын да, зиянын да тигізген-ді.

Зияны сол, «Сыр» деген әңгімесінде Қадырдың өзі де айтады. Жиырмасыншы жылдары бай балалары мектептен қуылсын деген ұран шақырылып, науқан жүргізілгенде, Қадыр бірнеше рет мектептен шығарылады. Ақырында 1928 жылы Орта Азия мемлекеттік университетінен қуылады.

Ал, пайдасы: жас болуына қарамай, Қадыр қазақтың бұрынғы тұрмыс-жайын, ғұрып-әдетін, әдебиетін, ән-күй музыкасын, мінез-құлқын, тілін, сөз байлығын өте жақсы білетін еді. осының бәрін ол әкесі жинаған бұрынғы кітаптарды жасынан көп оқуы, әкесінің көмегімен түсініп оқуы арқылы үйренгені белгілі.

Қадыр үйінде әкесінен қазақтың бұрынғы әдебиетін үйренсе, мектепте оқытушыдан түрлі кітаптар мен газет-журналдан қазақтың жаңа әдебиетін, орыс тілін, орыс әдебиетін үйренеді. Ол едәуір әзірлігі бар мәдениетті, талант-ты жазушы болатын.

1936 жылы Алматыда Қазақстан көркем әдебиет баспасынан шыққан «Күлмеске не?» деген күлкі әңгімелері мен фельетондар жинағындағы шығармаларына қарағанда, Қадыр жазу жұмысымен 1924-



Қадырдың әкесі Баспак
Тайшықұлы

1925 жылдардан айналыса бастаған көрінеді. Оның жиырмамыншы жылдардың алғашқы жартысында жазған әңгіме, фельетондары көбінесе «Қазақ тілі» (Семейде шығатын), «Жас қайрат» газеттерінде жарияланған.

«Еңбекші қазақ» редакциясына қызметке келгеннен бастап Қадыр әңгіме, фельетонды үсті-үстіне жазды. Оның шығармалары «Еңбекші қазақ» газетінде, «Жаңа әдебиет» журналында, республика астанасында шығатын тағы басқа газет-журналдарда жиі жарияланатын болды.

Сондай-ақ, Қадырдың бірді-екілі күлдіргі әңгімесі мен фельетоны сахнада да айтылып жүрді. Мысалы, оның «Табылған хаттар» деген әңгімесін Совет Одағының халық артисі Қалыбек Қуанышбаев концертте үнемі айтатын еді. Өлгі жинағында Қадыр: «Бұл әңгіме басында Қалыбектің сахнада айтуына арналып жазылған еді» - деп ескертеді.

Қадыр әртүрлі өлең жазатын. Бірақ ол өлеңдерінің кейбіреуін, бірді-екілі сықақ өлеңдерін ғана басқызатын, басқаларын жарияламайтын. 1933 жылы, күзді күні ол маған Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Ақ сәуле» деген өлеңінің жалғасы деп, өзінің бір өлеңін оқып берген еді. сонда көргем, оның өлеңдері үлкен бір қара дәптер еді.

Өз жанынан өлең, әңгіме, фельетон жазуы үстіне, Қадыр орыс тілінен де шығармалар аударатын. Ол Гогольдің «Өлі жандар», Фурмановтың «Чапаев», М.Кольцовтың «Иван Вадимович өз дәрежесіндегі кісі» деген шығармалары мен А.Чеховтың, М.Зощенконың бірді-екілі әңгімелерін аударған.

Бүгінгідей есімде, Қадыр Н.В.Гогольдің «Өлі жан-

дар» деген шығармасын аударуға алғанда, Қазақстан баспасының сол кездегі бас редакторы Бейімбет Майлин мені сол аудармаға редактор етіп белгіледі. Қадыр менімен кеңесіп жүруге тиісті болды.

Шығарманы аударуға кірісерде Қадыр маған, «мен осының кейіпкерлерінің аттарын да қазақшалаймын: Собакевичті – Итбаев, Ноздревті Тұмсықбаев деп атайын. Өйтпесе автордың негізгі ойы шықпайды» деді. Соны дәлелдеді. Мен оны мақұлдадым.

Кейін, қолжазбаны баспаға алып барып, Бейімбет, Сәбит Мұқанов болып бәріміз кеңескенімізде, кейіпкерлер атын аударуға Сәбит қарсы болды. Қадырға бастан-аяқ Итбаевты Собакевич деп түзеуге тура келді.

Қадырдың бір әдеті – ол әңгіме, фельетондарына көбінесе өз атын қоймай, Ырқыншік. ат қоятын. Оның бүркеншік аттары «Мөлтең», «Бұйрас», «Қабсыңқа» деп келетін. Бәрі де автордың өз бойынан, өз атынан алынған.

Қадыр жасында нәзік, шая болған. Жұрт оны «Мөлтең» деп мазақтаған екен. Тегі Қадыр аласа бойлы, шағын денелі, дәу басты еді. Бойы мен денесіне қарағанда, басы үлкен, оны қазанбас деп айтуға болатын. Ал, «Бұйрас» дейтіні, қадырдың шашы сәл ширатылып, болар-болмас бұйраланып тұратын. «Қабсыңқа» - өз аты, бас әрпінің ескіше оқылуы. Және Қадыр қарапайым, сабыр иесі, салмақты еді. Жас болып оның асып-тасқанын, асыр сап ойнап-күлгенін, ұшып-қонып жүргенін, ұшқары, жеңіл, албырт, аңғырт сөйлегенін көрмес едің, яғни, оның жас бойынан жастық мінез-қылық табу қиын болатын.

Қадыр ән-күйді, музыканы өте жақсы көретін, жақсы түсінетін, тыңдағанда балқып отыратын. Оның дауысы тамаша еді. Домбыра, мандолина тарта білетін. Қадыр қазақ әндерін тамылжытып тұрып домбыраға қосып айтатын.

Сонымен бірге, Қадыр өз жанынан да ән-күй шығаратын. Оның сол кезде-ақ бес-алты ән-күйі бар еді. Олары: 1) «Тасқын» (күй, радио арқылы берілетін), 2) «Партизан жыры» (ән, «Жалбыр» операсында айтылады), 3) «Полк әні» (Қазақ атты әскерінің 15 жылдығына байланысты шығарылған), 4) «Комсомол әні» (сөзі Өтебай Тұрманжановтікі, кезінде Жүсіпбек Елебеков, Қуан Лекезов айтатын) деп аталады.

Көзінің тірісінде өз жазғандарынан Қадырдың небәрі үш кітабы шыққан. Жоғарыда көрсетілген «Күлмеске не?» деген жинағынан басқа, 1935, 1937 жылдары оның «Октябрь ұшқыны» (революция, азаматтық соғыс кезінен алынып

жазылған повесть), «Аңшы Қалжан» (аңшылық, революциядан бұрынғы ауыл өмірі, қазақ баласы туралы әңгіме) деген кітаптары басылған.

Қадырдың өзі қандай қарапайым болса, оның шығармалары да сондай қарапайым. Бәрі де күнделікті, қарапайым өмірден алынып жазылған. Қадырдың өзі қандай сабырлы, салмақты болса, оның шығармалары да сондай сабыр сарынды, салмақты үнді, жарасты келетін.

Қадыр өте-мөте шағын көлемді әңгіме, фельетонға шебер. Оның әңгімелері мен фельетондары әрі өте қисынды, өткір, көркем тілді, әрі келісті, күлкі-әжуалы, мысқыл-сықақты болып келеді.

Қысқа күлдіргі, сықақ әңгіме, фельетон жөнінде Қадырды А.П.Чехов стиліндегі, сонан ұтымды үйренген талантты күлкіші, сықақшы десе болады. Ол талантты, тамаша сықақшы еді.

(Естелік жазба 1962 жылы қайта басылған
«Октябрь ұшқыны» кітабынан алынды)

